

ОҚЫТУ ҮДЕРІСІНІҢ БОЛАШАҚ ПЕДАГОГТАРДЫ ДЕНСАУЛЫҚТЫ САҚТАУ ӘРЕКЕТІНЕ ДАЯРЛАУДАҒЫ МҮМКІНДІКТЕРІ

*Ережепов Т.Т.¹, Жүнісбек Д.Н.², Кудериев Ж.Қ.³, Сәрсенхан Т.С.⁴

^{1,3}Абай атындағы ҚазҰПУ, Алматы, Қазақстан

²Қазақ спорт және туризм академиясы, Алматы, Қазақстан
С.Аманжолв атындағы Шығыс Қазақстан университеті, Өскемен,
Қазақстан

Андатпа. Мақалада болашақ педагогтарды денсаулықты сақтау әрекетіне дайындауда оқыту үдерісінің мүмкіндіктері мәселелелері қарастырылады.

Болашақ педагогтар өзінің өмір салттарын, іс-әрекеттерін мақсатты түрде таңдаушы, әрі өзгертуші, денсаулықты сақтау әрекетіне деген көзқарастарын өзгерте және қайта қарай алатын оқу үдерісінің субъектілері ретінде қарастырылады. Болашақ педагогтардан талап етілетін негізгі мақсат – денсаулықты оның физиологиялық, психологиялық және өзіндік деңгейінде басқарудың негізгі заңдылықтарын білу, денсаулықты сақтау мәдениетін қалыптастырудың мүмкіндіктерін меңгеру. Ғылыми-педагогикалық зерттеулерге, жоғары оқу орнындағы оқу бағдарламалары мен оқу үдерісіне жүргізілген сараптамалар көрсеткендей, бүгінгі таңда болашақ педагогтардың денсаулықты сақтау әрекетіне қатысты көзқарастарын қалыптастырудың мазмұны, құрылымы мен деңгейі дене тәрбиесі пәні арқылы жүзеге асырылады, ал мұның өзі оның жеткіліксіз екендігін аңғартады.

Зерттеу барысында болашақ педагогтарды денсаулықты сақтау әрекетіне дайындау жоғары оқу орындарында бірнеше пәннің аясында ғана жүзеге асырылатындығы анықталды. Аталған пәндердің студенттердің бойында денсаулық сақтау әрекетіне дайындығын қалыптастыру мүмкіндіктері салыстырмалы түрде беріледі. Сонымен қатар, болашақ педагогтарды денсаулықты сақтау әрекетіне дайындаудағы оқыту үдерісінің мүмкіндіктері анықталып, лекция және семинар сабақтарында қалыптастыру әдістемесі көрсетіліп, аудиториядан тыс уақытта жоба әдісі арқылы студенттердің денсаулықты сақтау әрекетіне дайындығын қалыптастырудың мазмұны ашып көрсетіледі.

Тірек сөздер: денсаулық, әрекет, денсаулықты сақтау, оқыту үдерісі, болашақ педагогтар, жоба әдісі, дайындық, жоғары оқу орны

Кіріспе

Болашақ мұғалімдер өмір салтын, іс-әрекеттерін мақсатты түрде таңдайтын және өзгертетін және денсаулықты сақтау әрекетіне деген көзқарасын өзгерте алатын, қайта қарастыратын оқу процесінің субъектілері ретінде қарастырылады. Болашақ мұғалімдерден талап етілетін негізгі міндет - денсаулықты басқарудың негізгі заңдылықтарын оның физиологиялық, психологиялық және өзін-өзі тану деңгейінде білу, денсаулық сақтау әрекетіне дайындығын қалыптастыру мүмкіндіктерін игеру.

Қазақстанның болашағы өскелең ұрпақтың қолында болғандықтан, олардың денсаулығын сақтау мәдениеті елдің ұлттық санасының цифрлық өсуі мен рухани жаңғыруын айқындайды. Үнемі спортпен шұғылдану, ұлттық сананы рухани жаңғырту, білімнің салтанат құруы, рухани болмыстың

шынығы-осының бәрі ұрпақтардың денсаулығын сақтауға қызмет ететін қажетті іс-әрекеттер. Мұны жүзеге асыру болашақ ұрпақтың денсаулығын сақтау әрекетіне дайындығын қалыптастыру, ең алдымен, әлеуметтік институттар мен білім беру мекемелеріне жүктелетіні белгілі. Сондықтан қазіргі уақытта Қазақстанның жоғары оқу орындарының негізгі міндеті өзгермелі кезеңдерге тез бейімделе алатын іскер, бәсекеге қабілетті, кәсіби мамандарды даярлау болып табылады.

Студенттердің денсаулығы мәселесі бойынша психологиялық-педагогикалық әдебиеттерге жүргізілген талдау ресейлік білім беру процесіндегі басым бағыттардың бірі екендігін көрсетеді. Атап айтар болсақ, Н.К. Смирнов, А.М. Митяева, Л. Б. Дыхан, Л. А. Харитоновна, В. Г. Каменская, С. А. Котова, И. В. Кузнецова, С.Ғаббасов, *А.С.Иманғалиев, Г.Д.Әлімжанова* және т. б. сияқты ғалымдар студенттердің денсаулық мәселесін зерттей отырып, оқу процесінде студенттердің денсаулығын сақтау жағдайларын анықтайды. Олардың пікірінше, студенттердің денсаулығының нашарлауының негізгі себептерінің бірі - мұғалімдердің денсаулықты сақтау әрекетіне дайындығының аз болуы. Сол себепті қазіргі таңда педагогикалық ғылым мен практикада болашақ педагогтың оқушылардың денсаулығын нығайту мақсатында білім беру процесінің мүмкіндіктерін пайдалануға дайындығын қалыптастыру өзекті мәселелердің бірі болып табылады.

Ғалым педагог С.Ғаббасов: «Денсаулықты сақтау үшін халық педагогикасындағы құрсақ тәрбиесі мен жүрек тәрбиесінің маңызы зор деп көрсетеді. Ана құрсағындағы баланың дұрыс-жетіліп дамуы үшін ұрық тазалығын сақтау, ананың балаға деген мейірімін іште жатылып берілуі керек» - деп қарастырған [1]. Бұл тұжырымда автордың дене саулығы мен жүрек тәрбиесінің тазалығы қатар берілсе, баланың болашақтағы дене және рухани саулығына аса қатты мән бергендігін байқауға болады.

Ғалым-зерттеуші А.С.Иманғалиев: «Ең алдымен жасөспірімдерге денсаулықты сақтау, қалыптастыру және қорғау түсінігін жеткізу үшін валеологиялық принцип жағдайын тереңдеу керек» - деп денсаулықты сақтауды жан дүниесіндегі құндылықтардың адамгершілік тұрғыдағы маңызын ашып көрсетеді [2].

Г.Д.Әлімжанованың ойынша, денсаулық сақтауды салауатты өмір салтымен «білім, ептілік, дағдыланумен байланыстыру қажет, оның негізінде әрбір оқушының денсаулығы, күнделікті шынығу әдістемелері жатыр»[3].

А.В.Лейфтің пікірі бойынша: «Жоғары оқу орындарында студенттің өзінің дене белсенділігі денсаулықты сақталуын, дененің жан-жақты дамуын қамтамасыз ететін, кәсіби дайындыққа қажет болатын негізгі әлеуметтік құралға айналады. Дене тәрбиесінің негізгі және қосымша формалары жоғары оқу орындарында студенттерді оқыту үдерісінде олардың мақсатқа бағытталған және ойластырылған белсенділікті жүзеге асыруға мүмкіндік беретін білімдердің арнайы жиынтығын, әдістемелік және қозғалу ептіліктерін алуына бағытталған» [4].

Жоғарыда қарастырылған, ғалым-зерттеушілердің ой-пікірлерінен «денсаулық» ұғымының мәнін түсінуге қатысты анықтамалар мен көзқарастар

өте көп екендігін байқауға болады. Олардың ұстанатын концептуалды және ғылыми қағидаларына сәйкес, олардың белгілі бір көзқарастары тұжырымдалған.

Ғалымдардың білім беру процесінің барлық субъектілерінің денсаулығын сақтауға және нығайтуға деген қызығушылығына қарамастан, болашақ мұғалімді денсаулық сақтау әрекетіне дайындау мәселесі жеткілікті деңгейде қарастырылмаған. Болашақ мұғалімдерді денсаулық сақтау әрекетіне дайындаудың әртүрлі аспектілері Ю.В. Науменко, Н.А. Баженова, Я. М. Герчак, Е. Г. Диканова, К. С. Шишкина, О. М. Панюкова, С. В. Шенделева, Н. В. Суворова, И. Н. Никулина, А. А. Сидоренко және т. б. зерттеулерінде қарастырылады.

Аталған ғалымдар денсаулық сақтау әрекетін ұйымдастыруды қамтамасыз етудің негізін бөліп көрсетеді, оларға:

- салауатты өмір салтына бағдарланған білім беру процесінде денсаулық сақтау технологияларын қолдану (Козуб М. В.);
- денсаулық жағдайының мониторингін ұйымдастыру, оқытудың тиімді әдістерін қолдану;
- дене шынықтыру сабақтарының сапасын арттыру;
- тамақтануды ұйымдастыруды жақсарту, бос уақытты ұтымды ету (Т. С. Грядкина);
- еңбек және салауатты өмір салты мәдениетін ғылыми ұйымдастыру (Панюкова О. М.);
- білім беру процесін оңтайландыруды қамтамасыз ететін жағдайлар жасау (Крутиков М.А.).

Авторлар білім беру мекемесіндегі денсаулық сақтау әрекеті білім беру процесінің барлық субъектілерінің денсаулығын сақтауға және нығайтуға, сондай-ақ нәтижелі оқу-танымдық және практикалық әрекетті ұйымдастыруға бағытталуы керек деп санайды.

О. М. Панюкованың пікірінше, болашақ мұғалімдердің денсаулық сақтау әрекетіне дайындығының жеткіліксіз болуының басты себептері:

- денсаулық сақтау әрекетін ұйымдастыру саласындағы студенттердің білімінің шектелуі;
- білім беру процесінде денсаулықты сақтау дағдыларын үйрету мүмкіндігінің болмауы;
- білім беру процесінде студенттерді денсаулық сақтау әрекетіне тиімді дайындауды қамтамасыз ететін денсаулық сақтайтын педагогикалық технологияларды пайдаланудың жеткіліксіздігі [5].

Біздің ойымызша, ЖОО-ның білім беру үдерісіндегі осы кемшіліктерді есепке алу болашақ мұғалімнің денсаулық сақтау әрекетіне дайындығын нығайтуға мүмкіндік береді. Болашақ мұғалімнің денсаулықты сақтау әрекетіне дайындығын зерттеуші М.А. Крутиков студенттердің денсаулығын сақтауға қатысты мотивацияны, сондай-ақ теориялық білім мен практикалық дағдылардың жиынтығын қалыптастыруға бағытталған күрделі педагогикалық процесс ретінде қарастырады [6].

Болашақ мұғалімнің жеке басының мектеп оқушыларының денсаулығын сақтауға және дамытуға бағытталуы, яғни денсаулық сақтау әрекетіне дайындық оны университетте дайындау процесінде қалыптасады. Демек, болашақ мұғалімдерді даярлауда мектептегі білім беру процесін денсаулық сақтаушы ретінде жобалауда оның кәсіби құзыреттілігін қалыптастыру және дамыту болып табылады.

Материалдар мен әдістер

Адамның қазіргі өмір сүру жағдайлары тәуелсіз шешімдер қабылдауға және өмір салтын таңдауға, әлемде болып жатқан барлық нәрселердің құндылығы мен мағынасын түсінуге, осы әлемде өзін-өзі жүзеге асырудың мүмкіндіктері мен тәсілдерін түсінуге, әртүрлі мәдени дәстүрлердегі адамдармен диалогқа дайын болуға ынталандыратын белгісіздік шарттары ретінде сипатталады.

Осыған байланысты болашақ мұғалімді даярлаудың педагогикалық процесінің жетекші міндеттерінің бірі студентті өзінің және оқушылардың денсаулығын сақтау мен нығайтуға байланысты әр түрлі мәселелерді шеше алатын кәсіби мұғалімге айналдыру болып табылады. Дайындық - адамның дайындықты жүзеге асыру үшін белгілі бір әрекет түрлерінде теориялық, практикалық, психологиялық потенциалдар мен мүмкіндіктерді игеруі [7].

Болашақ мұғалімді денсаулық сақтау әрекетіне дайындаудың ерекшеліктерін ашып көрсету барысында талдау, жүйелеу, әдебиеттерге шолу, анкета, эксперимент және т.б. әдістер қолданылды.

Нәтижелер және талқылау

Болашақ мұғалімді денсаулық сақтау әрекетіне дайындаудың ерекшеліктерін аша отырып, біз болашақ мұғалімге денсаулық сақтау әрекетінде табысты болуға мүмкіндік беретін негізгі құзыреттілікті бөліп көрсетеміз. Бұл құзырет болашақ мұғалімнің оқу-тәрбие процесінде және сабақтан тыс жұмыстарда білім алушылардың өмірі мен денсаулығын қорғауды қамтамасыз етуге дайындығына ықпал ететін құзырет болып табылады.

Құзырет — маманның білім беру дайындығына қойылатын алдын-ала қойылатын талап, оның кәсіби рөлінің сипаттамасы, ал құзыреттілік - талапқа сәйкестік өлшемі, құзыреттілікті игеру дәрежесі, адамның жеке сипаттамасы. Құзыреттілік сонымен қатар өз білімі мен пікірлерінің шектеулілігі туралы белгілі бір дәрежеде хабардар болуды және мұғалімге кәсіби даму жоспарын құруға және өз бетімен жұмыс істеуге мүмкіндік беретін осы шектеулерді жеңу үшін іс-әрекеттерді жоспарлауды қамтиды [8].


Құзыреттілік құрылымы:

- қазіргі адам денсаулығының тұжырымдамалық негіздері, рухани және физикалық денсаулық мәдениетін дамытуды;
- салауатты өмір салтының психологиялық-педагогикалық және медициналық-гигиеналық аспектілері туралы білімінің болуы;

- денсаулық және оның терминдері туралы біліммен жұмыс жасай алу;
- денсаулықты сақтау, нығайту және көбейту, өзін-өзі реттеу және өзін-өзі түзету туралы білімді пайдалана алу;
- дәрігерге дейінгі шұғыл көмек көрсету әдістері мен құралдарын; денсаулық жағдайын кешенді бағалау әдістерін және денсаулықты нығайту мен сақтауды қамтамасыз ететін практикалық дағдылар жүйесін білу;
- жарақаттанудың алдын алуды жүргізуге қабілетінің болуы [9].

Біздің ойымызша, осы құзыреттілікті игеру болашақ мұғалімге қазіргі мектептегі білім беру процесін денсаулық сақтау ретінде жобалауға, сондай-ақ оқу және оқудан тыс іс-шаралар арқылы жеке денсаулық сақтау құзыреттілігін дамытуға мүмкіндік береді. Құзыреттілікті нәтижелі игеруге болашақ мұғалімнің «Жас ерекшеліктер физиологиясы және мектеп гигиенасы», «Психология», «Педагогика», «Дене шынықтыру» сияқты пәндерді оқуы жәрдемдеседі.

Жоғарыда айтылған «Дене шынықтыру», «Психология», және «Жас ерекшеліктер физиологиясы және мектеп гигиенасы» пәндерінің мазмұнында студенттердің бойында денсаулық сақтау әрекетіне дайындығын қалыптастыру мүмкіндіктері анық байқалады. Мұны төмендегі салыстырмалы тұрғыда берілген 1 - суреттен көруге болады.



Сурет 1 - Пәндер мазмұнында денсаулық сақтау әрекетіне дайындығын қалыптастыруға бағытталған ұғымдардың берілуі

Суреттен көріп отырғанымыздай, «Дене шынықтыру» пәні – 25%, «Жас ерекшеліктер физиологиясы және мектеп гигиенасы» – 21%, «Психология және адам дамуы» – 30% және т.б. басқада пәндердің мазмұнында 24% денсаулық сақтау әрекетіне дайындығын қалыптастыруға бағытталған ұғымдардың қамтылуын байқауға болады.

Сонымен, аталған пәндердің мазмұнын оқыту арқылы студенттердің бойында дене, рухани, психикалық денсаулығын қалыптастыруға ықпал етеді.

Жалпы және педагогикалық білім беру мазмұнындағы құзыреттілік тәсілді жүзеге асырудың ерекшеліктерін аша отырып, Г. А. Бордовский мұғалімдердің жаңа кәсіби құзыреттіліктерін қалыптастыру үшін басқа білім беру технологиялары, сонымен қатар мұғалімді дайындаудың басқа жүйесі қажет екенін атап көрсетеді.

Педагогтарды даярлаудың негізгі құрамдас бөлігі гуманитарлық технологиялар болып табылады, олар әрбір маманның маңызды құралы болып табылады, қазіргі көпмәдениетті қоғамдағы адам мен қоғам арасындағы қарым-қатынасты үйлестіру процестеріндегі құзыреттіліктің ажырамас бөлігі болып табылады.

Бүгінгі таңда кәсіби құзыреттілікті қалыптастыруда квази-кәсіби әрекеттің технологиялары мен әдістері ерекше маңызға ие. Оның нысандарында қалыптастырылатын құзыреттердің жекелеген компоненттерін пысықтау және игеру, оларды кейіннен шешілетін міндеттер тәсілдеріне интеграциялау жүзеге асырылатын болады. Мұның бәрі тренингтерді, ойын технологияларын, жоба әдісін тікелей кәсіби әрекетті имитациялайтын оқу процесінде қолдану арқылы жүзеге асырылуы мүмкін. Болашақ мұғалімді денсаулық сақтау әрекетіне дайындауда біз жоба әдісін қолданамыз.

Жоба университетте оқыту әдісі ретінде тек оқу әрекетін ғана емес, сонымен қатар студенттің жеке басын дамыту құралы ретінде әрекет етеді. Жоба әдісі - проблеманы (технологияны) егжей-тегжейлі әзірлеу арқылы дидактикалық мақсатқа жету тәсілі, ол нақты, практикалық нәтижемен аяқталуы керек [10].

Болашақ мұғалімдерді денсаулық сақтау әрекетіне дайындауды біз дәріс және семинар сабақтарында жүзеге асырамыз. Студенттердің әрекетін реттеу, қауіпсіздік техникасын, санитарлық-гигиеналық талаптарды сақтау және т. б. қажеттілігіне ерекше назар аударылады. Аудиториялық және аудиториядан тыс сабақтардың әртүрлі нысандарын пайдалану (ми шабуылы, мектеп балаларын ғылыми-практикалық конференцияға дайындау, жобаларды қорғау) болашақ мұғалімдердің бүкіл оқу уақытында денсаулық сақтау әрекетіне деген ынтасын қалыптастыруға бағытталған және денсаулық сақтау құралдары мен технологияларын игеруге ықпал етеді. Болашақ мұғалімдердің оқушылардың денсаулығы мәселесіне назарын аударту және балалардың денсаулығын қорғауды қарастыру мақсатында сабақтарда біз проблемалық жағдайларды қолданамыз, бұл студенттерді белсенді аналитикалық әрекетке қосуға және оларды оқушылардың денсаулығын сақтау мен нығайту жолдарын іздеуге ынталандыруға мүмкіндік береді.

Денсаулық сақтау әрекеті туралы білім алу және дербестік дағдыларын қалыптастыру өз бетінше жұмыс істеуге ықпал етеді. Ол үшін әлеуметтік маңызы бар жобалардың келесі кешені таңдалды: оқу әрекетіне қатысты жобалар — «Ұлттық ойындар – студенттердің денсаулық сақтауының кепілі»; өзін — өзі ұйымдастыруға қатысты – «тақырыптық күндер»; зерттеу жобалары - «Ұзақ өмір сүргің келсе»; бос уақыт жобалары – «Дұрыс тамақтану – денсаулықты сақтау мәдениетінің кепілі», әлеуметтік маңызы бар жобалар

«Ашығудың пайдасы», «Бақытым да, байлығым да денсаулық!», «Салауаттылық - денсаулық негізі» және т. б.

Болашақ мұғалімдерді мектептегі денсаулық сақтау әрекетіне дайындау педагогикалық практикада да жүзеге асырылады. Болашақ мұғалімдер мектеп оқушыларымен бірлесіп «Денсаулықты сақтай білеміз бе?», «Компьютерлік ойындардың артықшылығы мен кемшілігі» және т. б. практика аясында студенттер салауатты өмір салты, жаман әдеттер туралы сынып сағаттарын өткізеді, білім беру процесінде туындайтын ситуациялық міндеттерді шешеді. Болашақ мұғалімдер мектептің санитарлық-гигиеналық жағдайларын, оқушылардың медициналық карталарын, денсаулық күнделіктерін, оқушылардың психологиялық паспорттарын талдайды.

Біздің көзқарасымызша, оқу және сабақтан тыс жұмыстарға қатысу болашақ мұғалімдерге квази-кәсіби әрекетті жүзеге асыруға мүмкіндік береді және теориялық және практикалық дайындықтың өзара байланысын күшейтеді, алынған білімді тек үлгілер, шаблондар түрінде ғана емес, сонымен қатар рефлексия процесінде қайта қарастыруға мүмкіндік береді.

Қорытынды

Қорыта келгенде, болашақ мұғалімді денсаулық сақтау әрекетіне дайындауға ықпал ететін білім беру процесінің мүмкіндіктері мыналар болып табылады:

- болашақ мұғалімнің салауатты өмір салты саласындағы негізгі құзыреттілікті іске асыруға дайындығы;
- денсаулық сақтау құндылықтары әлеміндегі болашақ мұғалімге бағытталған гуманитарлық технологияларды пайдалану;
- болашақ мұғалімдердің денсаулығы мен салауатты өмір салтына құндылық қатынасын қалыптастыруға ықпал ететін әлеуметтік маңызы бар жобаларды әзірлеуге және іске асыруға студенттерді қосу.

ӘДЕБИЕТ

- [1] Габбасов С. Советхан. Халық педагогикасының негіздері. Алматы, - 2007. – 460 б.
- [2] Иманғалиев А.С. Валеология. – Алматы, - 1999. – 207 с.
- [3] Әлімжанова Г.Д. Салауатты өмір салтын ұстау //Бастауыш мектеп. – 2023. - №2. – б. 78-81
- [4] Лейфа А.В. Система физической активности и здоровьесбережение студентов высших учебных заведений. - Благовещенск, - 2004. - 260 с.
- [5] Панюкова О.М. Педагогическое обеспечение подготовки студентов педколледжа к здоровьесберегающей деятельности: автореф. дис. ... канд. пед. наук. Иркутск, - 2006. - 22 с.
- [6] Крутиков М.А. Подготовка будущих учителей информатики к осуществлению здоровьесберегающей деятельности учащихся: автореферат дис. ... канд. педагогических наук. Тамбов, - 2011. - 25 с.
- [7] Современная школа и здоровье детей. Материалы круглого стола. Москва. М., 2002. - 94 с

[8] Козуб М.В. Формирование профессиональной готовности будущих учителей физической культуры к осуществлению здоровьесберегающей деятельности в школе: автореф. дис. ... канд. пед. наук. Елец, - 2007. - 22 с.

[9] Вайнер Э.Н. Краткий энциклопедический словарь: Адаптивная физическая культура. – М.: Флинта: Наука, - 2003.

[10] Нұржанова Ж.Ж. Валеологиялық білім беруді ақпараттандыру үдерісінің ересек жасөспірімдердің денсаулық сақтауға құндылық бағдарын қалыптастыру: пед.ғыл.канд. ... автореф. – Атырау, - 2002.

[11] Torybayeva J., Laulanbekov A., Bitabarov E. Modeling the process of formation of healthsaving competence of a future teacher //«Bulletin of Ablai Khan KazUIRandWL», series «Pedagogical Sciences». – 2022. - №4. – P. 96-101

REFERENCES

[1] Ğabbasov S. Sovetxan. Xalıq pedagogikasınıñ negizderi (Basics of folk pedagogy). - Almatı, 2007. – 460 b. [in Kaz]

[2] İmangaliyev A.S. Valeologiya (Valeology). – Almatı, 1999. – 207 s. [in Rus]

[3] Älimjanova G.D. Salawattı ömir saltın ustaw (Maintaining a healthy lifestyle) //Bastawısh mektep. – 2023. - №2. – b. 78-81 [in Kaz]

[4] Leyfa A.V. Sistema fizicheskoy aktivnosti i zdorov'yesberezheniye studentov vysshchikh uchebnykh zavedeniy (System of physical activity and health care of students of higher educational institutions). - Blagoveshchensk, 2004. – 260 s. [in Rus]

[5] Panyukova O.M. Pedagogicheskoye obespecheniye podgotovki studentov pedkollidzha k zdorov'yesberegayushchey deyatel'nosti (Pedagogical support for the preparation of pedagogical college students for health-saving activities): avtoref. dis. ... kand. ped. nauk. Irkutsk, 2006. - 22 s. [in Rus]

[6] Krutikov M.A. Podgotovka budushchikh uchiteley informatiki k osushchestvleniyu zdorov'yesberegayushchey deyatel'nosti uchashchikhsya (Preparing future computer science teachers to implement health-saving activities for students): avtoreferat dis. ... kand. pedagogicheskikh nauk. Tambov, 2011. - 25 s. [in Rus]

[7] Sovremennaya shkola i zdorov'ye detey (Modern school and children's health. Round table materials). Materialy kruglogo stola. Moskva. M.: Iz-vo: OLMA-PRESS, 2002. - 94 s [in Rus]

[8] Kozub M.V. Formirovaniye professional'noy gotovnosti budushchikh uchiteley fizicheskoy kul'tury k osushchestvleniyu zdorov'yesberegayushchey deyatel'nosti v shkole (Formation of professional readiness of future physical education teachers to implement health-saving activities at school): avtoref. dis. ... kand. ped. nauk. Yelets, 2007. - 22 s. [in Rus]

[9] Vayner E.N. Kratkiy entsiklopedicheskiy slovar': Adaptivnaya fizicheskaya kul'tura (Brief encyclopedic dictionary: Adaptive physical education). – М.: Flinta: Nauka, 2003. [in Rus]

[10] Nürzhanova ZH.ZH. Valeologiyalyk, bilim berudi ak parattandyru üderisiniñ yeresek zhasöspirimderdiñ densaulyk, sak tauga k ündylyk, bağdaryn k alyptastyru (Forming the value orientation of the process of informatization of valeological education to health care of adults): ped.ğyl.kand. ... avtoref. – Atyrau, 2002 [in Kaz]

[11] Torybayeva J., Laulanbekov A., Bitabarov E. Modeling the process of formation of healthsaving competence of a future teacher //«Bulletin of Ablai Khan KazUIRandWL», series «Pedagogical Sciences». – 2022. - №4. – P. 96-101

ВОЗМОЖНОСТИ ПРОЦЕССА ОБУЧЕНИЯ В ПОДГОТОВКЕ БУДУЩИХ ПЕДАГОГОВ К ЗДОРОВЬЕСБЕРЕГАЮЩЕЙ ДЕЯТЕЛЬНОСТИ

*Ережепов Т. Т.¹, Жүнисбек Д.Н.², Кудериев Ж.К.³, Сарсенхан Т.С.⁴

*^{1,3}КазНПУ имени Абая, Алматы, Казахстан

²Казахская академия спорта и туризма, Алматы, Казахстан

⁴Восточно-Казахстанский университет имени С.Аманжолова,
Усть-Каменогорск, Казахстан

Аннотация. В статье рассматриваются возможности процесса обучения в подготовке будущих педагогов к здоровьесберегающей деятельности.

Будущие педагоги рассматриваются как субъекты учебного процесса, которые целенаправленно выбирают свой образ жизни, действия, изменяют и могут изменить, пересмотреть свое отношение к здоровьесберегающей деятельности. Основная задача, требуемая будущими педагогами, - знать основные закономерности управления здоровьем на его физиологическом, психологическом и самосознательном уровне, овладеть возможностями формирования здоровьесберегающей культуры. Как показали проведенные экспертизы научно-педагогических исследований, учебных программ и учебного процесса в вузе, на сегодняшний день содержание, структура и уровень формирования взглядов будущих педагогов на здоровьесберегающую деятельность осуществляется через дисциплину физического воспитания, а это говорит о том, что ее недостаточно.

В ходе исследования было установлено, что подготовка будущих педагогов к здоровьесберегающей деятельности осуществляется в вузах только в рамках нескольких дисциплин. Сопоставимы возможности формирования у студентов готовности к здоровьесберегающей деятельности по данным дисциплинам. Кроме того, будут определены возможности процесса обучения в подготовке будущих педагогов к здоровьесберегающей деятельности, продемонстрирована методика формирования на лекционных и семинарских занятиях, раскрыто содержание формирования готовности студентов к здоровьесберегающей деятельности с помощью метода проекта внеаудиторного времени.

Ключевые слова: здоровье, действие, охрана здоровья, процесс обучения, будущие педагоги, метод проекта, подготовка, вуз

THE POSSIBILITIES OF THE LEARNING PROCESS IN PREPARING FUTURE TEACHERS FOR HEALTH-SAVING ACTIVITIES

*Yerezhepov T.T.¹, Junisbek D.², Kuderiev.Zh.³, Sarsenkhan T.S.⁴

*^{1,3}KazNPU named after Abai, Almaty, Kazakhstan

²Kazakh Academy of Sports and Tourism, Алматы, Казахстан

⁴S.Amanzholov East Kazakhstan University, Ust-Kamenogorsk,
Kazakhstan

Abstract. The article examines the possibilities of the learning process in preparing future teachers for health-saving activities.

Future teachers are considered as subjects of the educational process who purposefully choose their lifestyle, actions, change and can change, reconsider their attitude to health-saving activities. The main task required by future teachers is to know the basic laws of health management at its physiological, psychological and self-conscious level, to master the possibilities of forming a health-saving culture. As the conducted examinations of scientific and pedagogical research, curricula and the educational process at the university have shown, today the content, structure and level of formation of future teachers' views on health-saving activities is carried out through the discipline of physical education, and this suggests that it is not enough.

In the course of the study, it was found that the training of future teachers for health-saving activities is carried out in universities only within the framework of several disciplines. The possibilities of forming students' readiness for health-saving activities in these disciplines are

comparable. In addition, the possibilities of the learning process in the preparation of future teachers for health-saving activities will be determined, the methodology of formation in lectures and seminars will be demonstrated, the content of the formation of students' readiness for health-saving activities using the extracurricular project method will be revealed.

Key words: health, action, health protection, learning process, future teachers, project method, preparation, university

Мақала түсті: 18 мамыр 2024